



Құрметті студент!

2018 жылы «Ауылшаруашылығы ғылымдары - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080900	«Жеміс-көкөніс шаруашылығы»	1. Биология (ботаника) 2. Топырақтану 3. Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау 4. Жеміс шаруашылығы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Биология (ботаника)
 - Топырақтану
 - Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау
 - Жеміс шаруашылығы
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Биология (ботаника)

1. Зең саңырауқұлақтары мен хара болдыры ядросының диаметрі;
 - A) 6 мкм
 - B) 2 мкм
 - C) 8 мкм
 - D) 4 мкм
 - E) 0,5 мкм
 - F) 6,6 мкм

2. Ядроның формасы:
 - A) Шар тәрізді
 - B) Бокал
 - C) Линза тәрізді
 - D) Ұршық тәрізді
 - E) Төртбұрыш
 - F) Ұзын
 - G) Цилиндр

3. Арқаулық ұлпаның түрлері:
 - A) Флоэма
 - B) Колленхима
 - C) Аэренхима
 - D) Склеренхима
 - E) Склерейд

4. Су мен минеральды заттардың ертіндісі гистологиялық элементтер арқылы қозғалады:
 - A) Трахеялар
 - B) Борпылдақ паренхима
 - C) Сүзгілі түтік
 - D) Бағаналы паренхима
 - E) Серік клеткасы

5. Бүршіктің ерекшелігі:
 - A) Алғашқы метамерлердің сериясынан тұрады
 - B) Ұзарған өркен
 - C) Жапырақ тұмшықшасынан тұрмайды
 - D) Буын мен буын аралықтары болады
 - E) Жапырақ бөлігі
 - F) Қолтықтық бүршіктен тұрады

6. Бұтақтанудың ерекше типтері:

- A) Үстінен
- B) Жанынан
- C) Түптеніп өсу
- D) Алдынан
- E) Артынан

7. Тамыр тән:

- A) Бактерияларға
- B) Саңырауқұлақтарға
- C) Ашық тұқымдыларға
- D) Плаундарға
- E) Вирустарға

8. Жаңғақ тәрізді жемістерге жатады:

- A) Тұқымша, шошқа жаңғақ
- B) Қорапша, сарғалдақ
- C) Дән, дәнек
- D) Жаңғақша, жаңғақ
- E) Қанатты жеміс, қарағаш
- F) Бұршаққын, бұршаққынша
- G) Таптама, боб

9. Перикарпий неше қабаттан тұрады, оның атаулары:

- A) үш қабаттан: интиннен, экзиннен, эндокарин
- B) үш қабаттан: сыртқы, ортаңғы, ішкі
- C) үш қабаттан: эндокард, миокард, экзокард
- D) үш қабаттан: сыртқы(экзокарпадан), ортаңғы(мезокарпадан), ішкі (эндокарпадан)
- E) үш қабаттан: экзокарпадан, мезокарпадан, эндокарпадан

10. Төменгі сатыдағы өсімдіктердің гаметангиялары мен спорангиялары ..., жоғарғы сатыдағы өсімдіктерде ... болады:

- A) Екеуден
- B) Төртеуден
- C) Алтаудан
- D) Көп клеткалы
- E) Өртүрлі
- F) Бірдей
- G) Жетеуден

11. Шығу тегіне және атқаратын қызметіне қарай спораның топтары:
- A) Жыныссыз көбеюге арналған
 - B) Жыныстық жолмен көбеюге арналған
 - C) Жыныссыз көбеюге арналған митотикалық бөліністерден соң пайда болуға арналған
 - D) Бүршіктенуге арналған
 - E) Көп ағайынды
12. Практикалық систематиканы зерттейтін әртүрлі мамандар:
- A) Эколог
 - B) Фитопатолог
 - C) Химик
 - D) Паразитолог
 - E) Геоботаник
 - F) Физик
 - G) Агроном
13. Зерттеу нәтижесінде филогенетикалық систематика бөлінеді:
- A) Микрофенетика
 - B) Кариология
 - C) Мегафилогения
 - D) Цитогенетика
 - E) Микрофилогения
 - F) Мезофилогения
14. Биосистематика зерттейді:
- A) Салыстырмалы кариология мен цитогенетиканы
 - B) Жасушаның құрылымдық қызметін
 - C) Ұлпалар жүйесінің байланысын
 - D) Популяциялық генетикаға негізделген микроэволюцияны
 - E) Өсімдіктің өсу ортасына қарай тіршілік өзгерістерін
 - F) Ағзалардың бір-бірімен байланысын
 - G) Жануарлардың толық әлемін
15. Қылқан жапырақтылар класының қатары:
- A) Глоссоптеристер
 - B) Пинопсидтер
 - C) Саговниктер
 - D) Кипаристар
 - E) Вольцилар
 - F) Подокарпустар

16. Қылқанжапырақтылар мына облыстың таулы жерлерінде өседі:

- A) Европа
- B) Жаңа Зеландия
- C) Қазақстан
- D) Тасмания
- E) Қытай
- F) Патогония

17. Күрделі цимозды гүлшоғына жататын Монохазийге тән:

- A) Түтіктен тіл тәріздес біріккен жапырақшалары кетеді
- B) Түтігі цилиндр тәрізді
- C) Ирек(извилина) болып бөлінеді
- D) 15 см дейін жетеді
- E) Негізгі өсі гүлмен аяқталады

18. Өсімдіктердің вегетативтік көбеюі жүзеге асады:

- A) Көп клеткалы өсімдіктерді вегатативтік көбею клетканың тең екіге бөлінуі арқылы жүреді
- B) Экзокарпиінде эфир майлары жиналатын жері бар
- C) Күлте жапырақшалары тегеурін деп аталатын іші қуыс өсінді түзеді
- D) Көп клеткалы өсімдіктерде вегатативтік көбею талломдарының бөліктерге бөлінуі арқылы жүреді
- E) Бір клеткалы өсімдіктерде вегатативтік көбею талломдарының бөліктерге бөлінуі арқылы жүреді
- F) Саңырауқұлақтарда вегатативтік көбею маманданған бір клеткалы құрылым арқылы жүзеге асырылады
- G) Саңырауқұлақтарда вегатативтік көбею талломдарының бөліктерге бөлінуі арқылы жүреді

19. Өстері қысқа болып келетін жай гүлшоқтары:

- A) Жаңғақ
- B) Таушымылдық
- C) Сарғалдақ
- D) Себет гүл
- E) Шоқпарбас гүл
- F) Плаун
- G) Масақ гүл

20. Бір жылдық астық тұқымдасының фазалары:

- A) өркеннің пайда болуы
- B) дәннің өсуі
- C) тұқымның өсуі, өскіннің пайда болуы, бас байлауы
- D) бүршіктенуі
- E) түптенуі, түтіктің түзілуі
- F) дән байлауы
- G) бітеу гүлдің пайда болуы

21. Гидрофиттерге тән ерекшеліктер:

- A) дәннің өсуі
- B) түтіктері нашар жетілген
- C) клетка аралық қуыстары үлкен
- D) өркеннің пайда болуы
- E) кутикуласы бар
- F) дән байлауы

22. Өсімдік бірлестігінің құрамына кіретіндері:

- A) қыналар
- B) бактериялар
- C) мүктер
- D) прокариоттар
- E) эукариоттар
- F) саңырауқұлақтар

23. Геоботаника ілімін зерттеген ғалымдар:

- A) Ф.И. Рупрехт
- B) Г. Гамс
- C) А. Энглер
- D) А. Кронквист
- E) Р. Дальгрэн
- F) Д. Бентам

24. Өсімдіктердің зоналық типтеріне қарай:

- A) Микрозоналды
- B) Азоналды
- C) Экзозоналды
- D) Экстразоналды
- E) Эндозоналды

25. Орыстың егін шаруашылығының ғылыми-техникалық негіздерін жасауда үлес қосқан ғалымдар:

- A) Вавилов
- B) Мечников
- C) Морозов
- D) Сеченов
- E) Вернадский
- F) Тимирязев

**Биология (ботаника)
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Топырақтану

1. Топырақтану ғылымы зерттейді:

- A) Топырақ түйіртпектілігін, егіншілікті
- B) Топырақты жақсарту және құнарсызданудан қорғау, халық шаруашылығында тиімді пайдалану жолдарымен әдістерін
- C) Адамзат еңбегінің туындысы, жемісі ретінде
- D) Тірі ағзалардың, ауа райының, жер бедерінің гидросфераның өзара қарым-қатынасы әсерін
- E) Табиғи экологиялық жүйелерді
- F) Физикалық, химиялық қасиеттерін, жер кодексін

2. Топырақ түзуші агенттерге:

- A) H_2CO_3 , O_2 , Ca
- B) H_2O
- C) Тірі ағзалар және олардың әрекетінің өнімдері
- D) Ca
- E) H_2CO_3 , H_2O

3. Макроүрдіс:

- A) Қызыл топырақ түзілу
- B) Тұздану
- C) Қара топырақ түзілу
- D) Кебірлену
- E) Күлгіндену

4. Тың және жыртылған жерде топырақтың ең үстіңгі қабаты:

- A) A_2
- B) A_g
- C) A_o
- D) A_1B
- E) AB
- F) B_{Fe}
- G) $A_{ш}$

5. Топырақ құрамына кіретін алғашқы минералдар:

- A) Каолинит гидрослюдадар
- B) Амфибол, каолинит
- C) Гематит гетит
- D) Слюдадар, кварц
- E) Амфибол, пироксен
- F) Кварц, дала шпаты

6. Дала аймағы топырақтарының жеңіл балшықты гранулометриялық құрамының физикалық балшық мөлшері, %:

- A) 80-85
- B) 60-65
- C) 55-60
- D) 75-80
- E) 85-90
- F) 50-55

7. Топырақта кремний қосылыстары:

- A) Топырақтағы органикалық заттар
- B) Гипс, доломит, фосфорит
- C) Нуклеин қышқылы
- D) Біріншілікті және екіншілікті силикаттар
- E) Біріншілікті және екіншілікті алюмосиликаттар

8. Топырақтың 0-100 см қабатындағы өте мол дәрежедегі қарашірінді қоры, т/га:

- A) 400-450
- B) 200-250
- C) 660-700
- D) 300-350
- E) 150-200
- F) 630-660

9. Фульвоқышқылының сипаты:

- A) құрамында оттегі мен сутегі аз
- B) суда жақсы ериді
- C) құрамында көміртегі көп
- D) оңтүстіктен солтүстікке қарай құрамы төмендейді
- E) жоғары инерттілік көрсетеді
- F) топыраққа қара түс береді

10. Қарашіріндінің құрамы:

- A) гумин қышқылдары
- B) гумат тұздары
- C) фулват тұздары
- D) пектиндер
- E) гумус

11. Бактериялық тыңайтқыштар пайдаланудың маңызы:

- A) химиялық элементтердің сіңімділігін көтереді
- B) қажетті түрлерді көбейтеді
- C) микробиологиялық үрдістерді күшейтеді
- D) суыққа төзімділікке қол жеткізеді
- E) су режимі ыңғайланады
- F) дақылдың беріктігі артады

12. Топырақ коллоидтарының түрлері:

- A) комплексті
- B) органикалық
- C) дисперсті
- D) аморфты
- E) кристалды
- F) гидробионтты

13. Коллоидты бөлшектердің сипаты:

- A) сіңіру қабілеті нашар
- B) суда тұнбаға түспейді
- C) суда тұнбаға түседі
- D) мөлшері $<0,001$ мм, молекулалақ ерітінді түзеді
- E) броун қозғалысын жасайды
- F) суда тұнбаға түседі
- G) мөлшері $0,2-0,001$ мм, кәдімгі сүзгілерден өтіп кетеді

14. Атмосферадағы су буының құрамында кездесетін кейбір еріген газдар:

- A) азот пен метан
- B) сутек
- C) пропан
- D) бутан
- E) көмір қышқыл газы
- F) оттегі

15. Топырақ ерітіндісін бөліп алу жолдары:

- A) топырақ пен суды араластыру
- B) насос арқылы сорып алу
- C) арнайы престің қысымымен ерітіндіні сығу
- D) қатты бөлшектермен ығыстыру
- E) калориметр құралын пайдалану

16. Топырақ ерітіндісімен әрекеттесетін заттар:

- A) омыртқасыз жәндіктер
- B) атмосфераның микрофаунасы
- C) топырақ микроағзалары
- D) органикалық минералдық заттар
- E) топырақтың қатты және газ фазалары
- F) өсімдік тамырлары

17. Топырақта механикалық түйірлердің мүсін түзіп, біріккен бөлшектері:

- A) жыныс
- B) құм
- C) агрегат
- D) кесекті
- E) дәнді

18. Топырақ сығылысуы қасиеті:

- A) түйіршіктерді біріктіретін күш
- B) балшықты топырақтың жоғарғы концентрациясы
- C) топырақтың алғашқы және соңғы көлемдерінің айырмасымен өлшенеді
- D) кепкен күйінде топырақ көлемінің азаюы
- E) топырақ бөліктерін бөлуге арналған күшке қарсы тұру

19. Топырақтың байланыстылық қасиеті:

- A) коллоидтардың ылғалды сорбциялауы
- B) ылғалдану кезіндегі топырақ көлемінің өсуі
- C) топырақ тығыздылығымен тікелей байланысты
- D) түйіршіктерді біріктіретін күш
- E) өндіріс құралдарына кедергі болуы

20. Топырақ түрлеріндегі кеуектілік:

- A) құмда-30-35%
- B) қарашірікте-22-30%
- C) саздақта-40-50%
- D) беткі қабатта-16-25%
- E) құмдақта-39-40%
- F) балшықта-50-55%
- G) глейлі горизонтта-35-45%

21. Топырақтың 0-100 см қабатындағы қанағаттандырырлық дәрежедегі өсімдіктерге тиімді ылғал қоры, мм:

- A) 110-120
- B) 80-90
- C) 44-50
- D) 90-100
- E) 60-65
- F) 140-150
- G) 70-80

22. Ауа өткізу:

- A) түйіртпекті топырақта жоғары
- B) органикалық заттардың топырақ ауасымен әсерлесуі
- C) ауыр балшықтарда төмен
- D) молекулалық ауадан иондыққа көшу
- E) электронды зарядтар орналасуына қарай өзгереді
- F) белгілі уақытта топырақтың тотығу-тотықсыздану күйі
- G) химиялық элементтерге тәуелді

23. Мақтаның тамырлар жүйесі массасының өсуіне қолайлы топырақ температурасы:

- A) 21
- B) 29
- C) 22
- D) 15
- E) 17
- F) 30
- G) 28

24. Жазық дала топырақтары:

- A) сұр қоңыр
- B) автоморфты кебір
- C) нақты сұр
- D) ашық сұр
- E) жартылай кебір
- F) қара
- G) батпақты

25. Қазақстан жазық аймақтарының табиғи зоналары:

- A) шөлейт және шөл
- B) орманды дала
- C) тундра
- D) қылқан жапырақты орман
- E) тайга
- F) аралас орман
- G) дала

Топырақтану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау

1. Өсімдік қорғау бойынша шаруашылықты ұйымдастыру шаралары:

- A) Сорттарды шығару
- B) Топырақ өңдеу
- C) Жоспарлау
- D) Бүрку
- E) Өркендерді кесу
- F) Ауыспалы егіс

2. Өсімдік зиянкестеріне арналған препараттарды қолданудың негізгі тәсілдері:

- A) Энтомофагтарды колонизациялау
- B) Бүрку
- C) Топырақты терең қопсыту
- D) Фумигациялау
- E) Аударып жырту
- F) Улағыш тұзақтар

3. Фитопатогенді вирустардың таралуының негізгі жолдары:

- A) Кутикулананы жарып енеді
- B) Тасымалдаушылар көмегімен
- C) Базидиоспоралармен
- D) Урединиялармен
- E) Топырақпен

4. Өсімдіктердің инфекциялық ауруларын тудырады:

- A) Ортаның қолайсыз жағдайлары
- B) Пестицидтер
- C) Фитопатогенді саңырауқұлақтар
- D) Фитофагтар
- E) Акарифагтар
- F) Энтомофагтар

5. Бунақденелілердің дене құрылысының ерекшеліктері:

- A) Баскеуде және құрсақтан құрылады
- B) Тұтасқан
- C) Сегменттелген
- D) Бас пен құрсақтан құрылады
- E) Бір бөлімнен тұрады
- F) Екі бөлімнен тұрады

6. Кеміргіш жерастылық қоңыр көбелектердің түрлері:

- A) Жабайы көбелек
- B) Дәннің сұр көбелегі
- C) Гамма көбелек
- D) Шалғын көбелек
- E) Лепті көбелек
- F) Алма күйесі
- G) Сабақ көбелек

7. Таңқурайдың кең таралған аурулары:

- A) Кила
- B) Қошқыл-қызыл дақ
- C) Жалған ақ ұнтақ
- D) Кәдімгі таз қотыр
- E) Сулы шірік

8. Қарақаттың таралған аурулары:

- A) Фитофтороз
- B) Некрозды дақ
- C) Бағаналы тат
- D) Америкалық ақ ұнтақ
- E) Септориоз

9. Көп қоректі тікқанаттылар (*Orthoptera*) .

- A) Қара денелілер
- B) Шыртылдақтар
- C) Шегірткелер
- D) Қан көбелектер
- E) Шекшектер

10. Шыртылдақтардың зияндылығы:

- A) Жапырақтар зақымдалады
- B) Зиян келтіретін қоңыздар
- C) Шанақ пен гүлдерін зақымдайды
- D) Сабақтың ең жоғары бөлігін зақымдайды
- E) Зақым келтіретін дернәсілдер
- F) Тұқым мен өскіндерді зақымдайды

11. Картоптағы фитофтороздың белгілері

- A) Түйнектерінде бұлтықтар байқалады
- B) Түйнектерінде склероцийлер байқалады
- C) Жапырақтың жоғарғы жағында өңез
- D) Жапырақтарында қара-қоңыр дақтылықтар байқалады
- E) Жапырақтарында пускулалар байқалады
- F) Түйнектерінде батыңқы қорғасын түсті дақтылықтар байқалады
- G) Жапырақтың төменгі жағында өңез байқалады

12. Қорғалған грунттағы (жердегі) таралған фитофагтардың негізгі түрі:

- A) Егістік шыртылдақ
- B) Жылыжай аққанаты
- C) Өрмекші кене
- D) Мәрмәр зауза қоңызы
- E) Айқышгүлді бүргелер
- F) Күздік көбелек

13. Айқышгүлді бүргелерде:

- A) Жылына 10-15 ұрпақ
- B) Қоңыз зиян келтіреді
- C) Дернәсіл қыстайды
- D) Жылына 1 ұрпақ
- E) Жылына 5-6 ұрпақ
- F) Жұмыртқа қыстайды

14. Жұпсыз жібек көбелек:

- A) Алманы ғана зақымдайды
- B) Тек жүзім шыбығын ғана зақымдайды
- C) Ағаштардың көптеген түрлерін зақымдайды
- D) Жеміс дақылдарын зақымдайды
- E) 3 ұрпақ береді

15. Таңқурай бітесімен зақымдалғанда:

- A) Колония (шоғыр) түзілмейді
- B) Жапырақ өрескіл ойық
- C) Өркен дамымай қалады
- D) Сабақта бұлтықтар кездеседі
- E) Жапырақ ширатылған
- F) Тамырда ісіктер пайда болады
- G) Жапырақтың төменгі жағында зиянкес колониясы болады

16. Жеміс дақылдарының шаншып-сорғыш зиянкестері:

- A) Раушангүл жапырақ ширатқыш көбелек
- B) Жұпсыз жібек көбелегі
- C) Алмұрт бүргешіркейі
- D) Жасыл алма бітесі
- E) Жасыл цикада
- F) Алма күйесі
- G) Көбелек күйесі

17. Қияр жапырақтарының пероноспороз ауруымен залалдану белгілері:

- A) Пустулалар түзілген
- B) Астыңғы жағында өңез
- C) Үстіңгі жағында өңез
- D) Жапырақтары жіті жасыл
- E) Жапырақтары қурап, тез түседі
- F) Үстіңгі жағында дақтылықтар
- G) Астыңғы жағында дақтылықтар

18. Бақша дақылдарының кең таралған аурулары:

- A) Қара таз қотыр
- B) Фузариозды солу
- C) Меланоз
- D) Фитофтороз
- E) Антракноз
- F) Ақ ұнтақ

19. Қызанақтың саңырауқұлақты, бактериалы, вирусты аурулары:

- A) Макроспориоз
- B) Жемістердің жарылуы
- C) Бұрышты дақтылықтар
- D) Ақ ұнтақ
- E) Стрик
- F) Бактериалы қара дақ

20. Картоп фитофторозына қарсы қолданылатын фунгицидтер:

- A) Браво 500
- B) Антракол 70%
- C) Трефлан 48%
- D) Гезагард 500
- E) Стомп 33%

21. Картоптың ризоктониоз ауруымен залалдану белгілері

- A) Түйнектерінде склероцийлер байқалады
- B) Тамыр мойнында қара сақина байқалады
- C) Өзгерген өркендерінде пустулалар байқалады
- D) Өскіндерде сызықтар, жаралар пайда болады
- E) Сабак негізінде ақшыл-сұр өңез байқалады

22. Жеміс дақылдарындағы ақшыл жылтырауыққа тән белгілер:

- A) Жапырақтары жылтыр күміс реңді
- B) Өркендерде балауызды өңез
- C) Жапырақтары жіңішке, әлсіз
- D) Өркендерінде сулы шірік
- E) Ағаш сүрегі қоңыр түсті

23. Цитоспороз жеміс дақылдарында:

- A) Жапырақтарда мозаика түрінде
- B) Бұтақтардың қурауын туғызады
- C) Жапырақтарда пустулалардың түзілуі
- D) Жемістерде өсінділердің түзілуі
- E) Залалданған қабықта пикнидалардың түзілуі
- F) Жемістерде өңезі бар дақтардың түзілуі
- G) Физиологиялық жетілген ағаштарды залалдайды

24. Дақты некроздың белгілері:

- A) Өрік залалданады
- B) Жүзім залалданады
- C) Бұтақтарда қара-қоңыр дақтар
- D) Жапырақта күмісті дақ
- E) Бұтақтарда ақшыл дақтар
- F) Бұтақтарда бұлтықтар
- G) Алмұрт залалданады

25. Жүзімнің жалған ақ ұнтағына (милдью) қарсы бүркіді:

A) Купроксат 34,5%

B) Нематицид

C) Раундапом 36%

D) Каратэ 050

E) Инсектицид

F) Фунгицид

G) Гербицид

**Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жеміс шаруашылығы

1. Сүйектілер топтарына жататындар:

- A) Тәтті шиесі
- B) Үй алхорысы
- C) Ирга
- D) Алмұрт
- E) Шиесі

2. Жеміс-жидек өсімдіктерінің негізгі өсінді мүшесі бар:

- A) Сабақ
- B) Өркені
- C) Жапырақ
- D) Жалғастырушы немесе ұластырғыш өркен
- E) Тамыр мойыны

3. Тасжарғыштар тұқымдасына жататын өсімдіктер:

- A) Фейхоа
- B) Лонган
- C) Жаңғақ
- D) Пекан
- E) Тасты қарақат

4. Вегетация кезеңінің фенологиялық фазалары:

- A) Қурау, өсу және жеміс салу
- B) Терең тыныштық кезеңі
- C) Жеміс өсу, пісу және жапырақ түсу кезеңі
- D) Вегетативті бөліктерінің өсуі
- E) Қурау, жеміс салу және өсу
- F) Эмбрионалды кезең

5. Даму барысында филогенетикалық белгілер жоғалып мәдени ататегіне сай қажеттермен алмасады:

- A) түктілігі қоюланады
- B) ұлпалары біптекті болмайды
- C) толысады
- D) бұтақтардың ұзындығы бірдей болмайды
- E) жемістердің биологиялық көрсеткіштері тұрақтанады
- F) тікендері жоғалады
- G) жемістері ұсақтанады

6. Гүлдеу фенофазасының кезеңдері:

- A) Жаппай гүлдеуі
- B) Гүл дөнесінің байқалу кезеңі
- C) Тозаң және ұрық қабының құралуы
- D) Гүл тостағаншасы құралуы, гүлдің ашылу кезеңі
- E) Өсу конусы ұшында өсіңкі пайда болу

7. Өсінділетіп көбейткенде ... өзгеруі байқалады:

- A) бүршіктердің
- B) жемістердің
- C) сабағының
- D) тұқымның
- E) жапырағының
- F) өркендердің

8. Қарақат, таңқурай және тұшаланың отырғызу сұлбасы:

- A) $3 \times 0,7 \text{ м}^2$
- B) $3 \times 1,5 \text{ м}^2$
- C) $0,7 \times 0,2 \text{ м}^2$
- D) $3 \times 2 \text{ м}^2$
- E) $3 \times 0,5 \text{ м}^2$
- F) $4 \times 2 \text{ м}^2$
- G) $0,9 \times 0,2 \text{ м}^2$

9. Жылу жетіспегенде:

- A) жеміс өсімдіктерінің дамуы ұзарады
- B) жемісі пісіп үлгереді
- C) жемісі пісіп үлгермейді
- D) жеміс өсімдіктерінің дамуы қысқарады
- E) жемістерде күйік пайда болады
- F) қысқа төзімділігі күрт артады
- G) қысқа төзімділігі күрт төмендейді

10. Жеміс ағаштарын отырғызу тәсілдері:

- A) Алдын ала дайындалған шұңқырларға, шұңқырды алдын ала қазбай отырғызу
- B) Экскаваторлық-сулы
- C) Сулы отырғызу
- D) Орларға отырғызу, экскаваторлық тәсіл
- E) Буланған, сулы тәсіл
- F) Механикаландырылған, буланған тәсіл
- G) Механикаландырылған тәсіл

11. Таңғыш материал ретінде пайдаланады:

- A) Жібек
- B) Талдың бір жылдық иілгіш шыбығы
- C) Жөке
- D) Сым
- E) Сыпырғының сабағы
- F) Жүгерінің сабағы
- G) Ыңғайлы зат

12. Күзде шырпудың қажеттілігі:

- A) Бақ нұмымен бояу
- B) Бояумен бояу
- C) Күн нұрынан қорғау
- D) Бұрку
- E) Жиі суландыру

13. Топырақ ішінен суландыру:

- A) Ауаның ылғалдылығын көтереді
- B) Су шығыны болмайды
- C) Тереңдігі 5-10см жүргізіледі
- D) Жердің кез-келген бедерінде жүргізіледі
- E) Басқа агротехникалық тәсілдерді жүргізу мүмкіндігі туындайды
- F) Су топырақ ішінен өтетін құбырмен жүреді
- G) Бу мөлшері 300-500м\га

14. Атыздап суландыру:

- A) Тамыр жайылатын қабатқа біркелкі сіңеді
- B) Жердің кез-келген бедерінде жүргізіледі
- C) Тереңдігі 5-10см жүргізіледі
- D) Топырақтың барлық қабатына сіңеді
- E) Тереңдігі 20-25см жүргізіледі

15. Жеміс бағын жер бетімен қарықтап суарудың кемшіліктері:

- A) Қымбат жабдықтарды пайдалануға шығындар көп кетеді
- B) Жаз айларында суару мерзімін сақтағанның өзінде, ылғалдылық мүлде төмен түсіп кетеді
- C) Тостағаншалардағы топырақ құрамы нашарлайды
- D) Суарылатын судың есептелу мөлшерін беру қиын, энергия көп жұмсалады
- E) Су аса қажет бақ қатарларының ішінде топырақ ылғалданбайды

16. Жеміс бағын жаңбырлатып суарудың кемшіліктері:

- A) Суарылатын судың есептелу мөлшерін беру қиын, энергия көп жұмсалады
- B) Еңіс жерлерде ($0,02^\circ$ -тен астам) қолдану қиын
- C) Су аса қажет бақ қатарларының ішінде топырақ ылғалданбайды
- D) Қымбат жабдықтарды пайдалануға шығындар көп кетеді
- E) Тостағаншалардағы топырақ құрамы нашарлайды
- F) Жаз айларында суару мөлшерін сақтағанның өзінде, ылғалдылық мүлде төмен түсіп кетеді

17. Бақтағы топырақты күтіп-баптау қандай жүйемен жүзеге асырылады:

- A) Тырмалау
- B) Қатараралықтарына дақыл егумен
- C) Топырақты жырту
- D) Жауын-шашынмен
- E) Өсімдікті сумен қамтамасыздандырумен
- F) Культивациялау
- G) Топырақты өңдеумен

18. Көктемде топырақты тырмалайтын табақты тырмалар:

- A) КСЛ-5
- B) КГС-9
- C) БДСТ-2,5
- D) КРН-2,8
- E) БДН-5
- F) БДН-1,3

19. Жемісті жинаудың механикалық тәсіліне жатады:

- A) Төселген төсегіштерге сілкіу
- B) Қайшымен қию
- C) Себеттерді жинау
- D) Қолмен жинау
- E) Арамен аралау
- F) Дірілдеткіш машиналар

20. Ірі мамандандырылған жеміс шаруашылығында қолданылатын сорттау калибрлеу машиналары:

- A) ЛСУ-3,5
- B) ЛС-2
- C) ВУМ-15А
- D) ВСО-25 «Стрела»
- E) МПУ-1
- F) СКЯ-3

21. Жеміс өсімдіктеріне жататын тұқымдастар:

- A) Шабдалылар
- B) Бүлдіргендер
- C) Раушангүлділер
- D) Мирттар
- E) Жиделер

22. Үдете өсу кезеңінің сипатталуы:

- A) Топырақ үстілік бөлігінің үдей өсуі
- B) Жемістік құрлымдарға айналуы
- C) Қаума бұтақшалар санының молаюымен
- D) Қаңқалы бұтақтадың үдемелі күшті өсуімен
- E) Жаппай жапырақтану
- F) Жоғары сапалы өнімнің жылда артуымен
- G) Бөрікбастың шетіндегілердің ұдайы қурауы

23. Жеміс салу кезеңінің сипатталуы:

- A) Тамыр жүйесінің үдей өсуі
- B) Бөрікбастың өсінді бөліктерінің өсуінің тоқтатылуы
- C) Жаппай жапырақтану
- D) Топырақ үстілік бөлігінің үдей өсуі
- E) Бөрікбастың шеткі ұштарының ұдайы қурауы
- F) Жемістік құрлымдарға айналуы

24. Желдетумен бір мезгілде реттеледі:

- A) Қоректену режимі
- B) Жылу режимі
- C) Өсуі
- D) Жарық режимі
- E) Ауа-газ режимі
- F) Топырақ-ауа ылғалдылығы

25. Бүлдірген өсімдігінің топырақ үстілік бөлігі-өркендер мен жапырақтардың түртегі:

- A) орынбасар өркендер
- B) жемісі
- C) мүйізшелер
- D) тамыр
- E) сабағы
- F) өркендер

**Жеміс шаруашылығы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**